

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Әдебиеттер тізімі

1. Өркен Маханова «Білім беру жүйесіндегі гендерлік өлшем»//Ақиқат №9, 2003 ж.
2. Кооистра Л. Е., Щипицина Л. Ю. «Особенности проявления русских и немецких гендерных стереотипов в анекдотах о женщинах.» // Воронеж мемлекеттік университетінің хабаршысы № 1, 2005 ж, 48–53 б.
3. Кирилина А. В. шетелдік және ресейлік лингвистикадағы гендерлік зерттеулер (философиялық және әдіснамалық аспектілер). Әлеуметтік ғылымдар және қазіргі заман. 2000 ж. № 4. 138 б.
4. Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 2009. – 114 б.
5. Шишигина О. Ю. Қазіргі ағылшын тіліндегі атрибутивті сын есімдермен ерлер мен әйелдердің сыртқы келбетін вербализациялау// Кемерово мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2012 ж. № 4. 224-228 б.
6. Ахметғалиева З.М. Жеке тұлғаның рефлексивтілігі мен жасөспірім кезіндегі әлеуметтік қабылдау стильдерінің семантикасының арақатынасы: реферат. Кемерово, 2006 ж. 24 б.
7. Митягина В. А. Жарнамалық дискурстағы адресат факторы. Гендерлік компонент // жинақта: Homo Loquens: (Лингвистика және транслятология мәселелері) ғылыми мақалалар жинағы. 3 шығарылым.: Волгоград мемлекеттік университеті (Волгоград), 2006 ж. 6-15 б.
8. Ожегов С. И. Орыс тілінің сөздігі. 1986 ж. — 797 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ YOUTUBE ЖЕЛІСІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

МҰРАТОВА Ж.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

*Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
магистранты, Астана, Қазақстан*

Аннотация. Лидирует приложение YouTube в курсе мировых новостей, прослушивании различных мелодий, просмотре интересных видеороликов. Сеть YouTube часто используется современным обществом в полезных целях. Особенно с целью получать знания и чтения электронных книг. И более менее прослушивания подкастов и изучения нового языка. Сейчас мы должны понять что мир знаний можно расширить по шире проводя время в интернете. Сейчас в социальных сетях растет число желающих изучать родной язык. Это представители разных национальностей забывшие родной язык, совершенно не знающие казахского языка из-за двуязычия. Они, изучая наш язык, проникают в национальные особенности нашей нации. О том, какие методы и приемы должны быть приоритетными в обучении этому языку написано в статье.

Abstract. The YouTube app leads the way in keeping up with world news, listening to various tunes, and watching interesting videos. YouTube is often used by today's society for useful purposes. Especially for the purpose of gaining knowledge and reading e-books. And more or less listening to podcasts and learning a new language. Now we should realize that the world of knowledge can be expanded by spending time on the Internet. Now there are a growing number of people on social networks who want to learn their native language. These are representatives of different ethnic groups who have forgotten their native language, who do not know Kazakh because of bilingualism. They are learning our language, they are penetrating into the national features of our nation. This article discusses which methods and techniques should be a priority in teaching this language.

Ана тілің алпыс тілге татиды. Ешбір ұлт өз тілінің тағдырына бей-жай қарап, немқұрайлылық таныта алмайды. Кезінде даулы, үлкен проблемаға айналған, қазір де өзектілігін жоймаған бұл мәселеге әрбіріміз жауаптымыз. Қуанарлығы, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, ұлтаралық тілге айналдыру жолында қажырлы еңбектер атқарылып жатқанын көзімізбен көріп келеміз. Қазірде, ана тілімізді үйренемін деушілердің қатары артып келеді. Ол қатарды толықтырып тұрған елімізді мекендеген түрлі ұлт өкілдері, шекара ауған, туған тілін ұмыт қалдырған өз қандастарымыз, қостілділіктің кесірінен қазақ тілін мүлде білмейтін

қаракөздеріміз, және шет ел азаматтары. Олар тілімізді үйрену арқылы ұлтымыздың ұлттық ерекшеліктеріне бойлайтыны да қақ. Себебі «Оқытылатын тіл – сол елдің өмірі, дәстүрі, тілдік болмысы туралы көрнекі түсінік беруге мүмкіндік беретін құрал» [1, 56 б.].

Ендігі мәселе тіл үйренушілер үшін біздің елде нақты қандай шаралар атқарылуда. Соның ішінде, әлеуметтік желі, YouTube қосымшасының ықпалы қандай? Осы сұрақтар төңірегінде ізденіп көрейік.

YouTube Genesis Qazaqstan-ның болжамына сенсек, былтыр Қазақстанда айына 10 миллион адам видеоплатформаны шолып отырған, оның 70%-ы, яғни 7 миллионы апта сайын, 6 миллион адам күн сайын кірген. Орташа есеппен алғанда, әр қолданушы шамамен 40-60 минут уақытын күнделікті YouTube-қа арнайды екен. Мұндай үлкен трафиктің басты себебі бар, адамдар мәтінді оқығанға қарағанда визуализация арқылы, яғни бейне арқылы көруге ауысып, теледидардың орнына YouTube-ті қолдана бастаған. Мысалы, ел аумағында 2011-2019 жылдары теледидар қарайтындар саны 2 есе азайыпты. Демек, YouTube-тың дәурені жүріп тұр[2].

Әлем жаңалықтарынан хабардар болуда, түрлі әуендер тыңдауда, қызықты видеороликтер тамашалауда YouTube қосымшасы көш бастап тұр. YouTube желісін қазіргі қоғам пайдалы мақсатта жиі қолданады. Әсіресе, білім алмасу, электронды кітаптар оқу, білгендерімен бөлісу, подкасттар тыңдау және жаңа тіл үйрену мақсатында. Адамдар интернетте уақыт өткізу арқылы білім әлемін кеңейтуге болатынын түсінді. Пандемия уақытында мақсатты және мақсатсыз түрде адамдар YouTube-тан фильмдер, мультфильмдер, сериалдар, видеороликтер көру арқылы жаңа тіл үйренді және өздерінің тілдік қорларын кеңейтті. YouTube қолданушыларға түпнұсқа мәтіндермен жұмыс істеуге, білім берушіні кез-келген уақытта тыңдауға және тіпті олармен диалог жүргізуге ерекше мүмкіндік береді. Осылайша, белгіленген порталды қолданудың басты артықшылығы-бұл табиғи тілдік орта жасайды. Сонымен қатар, ол сізге ақпаратты үнемі жаңартып отыру және оны ұсыну арқылы әдістемелік әдістерді құруға және дамытуға мүмкіндік береді [3, 284 б.].

Біз қарастырып отырған қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау [4]

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы "Қазақша оқу жайынан" деген мақаласын- да "Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өте жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек" - деп жазғаны - ұстаздарға айтылған ғибрат.[5] Ал осы You tube желісінің білім беруші ұстаз үшін артықшылықтары қандай?

1. Технология қарыштап дамыған заманда мұғалімдер ақ бормен тақтаға тақырып түсіндіріп, қолыңыздағы оқулықтағы тапсырмалармен ғана шектеліп қала алмайды.

2. Интерактивті тақталар, блогтар, виртуалды дискілерді, презентациялар мен видеоларды қолданып үйрену мұғалімнің шығармашылығын ғана дамытып қоймайды ІТ құрылғыларын меңгереді. Р.Б. Козьма зерттеулеріне сәйкес, аудио және визуалды комбинация презентациялар жаңадан алынған ақпаратты еске түсіруді және психикалық модельдердің құрылысын арттырады [6, 234 б.].

3. Оқушылармен коммуникация құруда «тікелей эфир» қосымшасын пайдаланып, бірнеше мыңдаған білім алушыға бір мезгілде сабақ өту мүмкіндігіне ие болады. Бұл мұғалімнің алтын уақытын үнемдейді.

4. Тағы бір үлкен артықшылығы – танымалдылық. Мұғалімдер «жеке брендін» қалыптастыру арқылы үлкен табыс көзіне жол ашады.

Қазіргі таңда бүлдіршіндер ғана емес, бүкіл балалар видео подкасттарды орыс тілінде көреді. Бұл дегеніміз қазақша ойлай алмайтын буынның өсіп келе жатқанын көрсетеді. Тағы да тіл мәселесі. Қазақ тілді контенттің аздығы немесе қазақ ютуберлерінің аудиторияны қызықтыра алмауы, сапалы дүние ұсынбауы бұл өз алдына бөлек мәселе. Қазақ тілді қызықты контенттердің көбеюі қазақ тіліне қызығушылардың қатарын көбейтетіні ақиқат. Солардың бірі – кино саласы. Қазіргі таңда отандық кино саласы YouTube желісінде үлкен сұранысқа ие. Қаралымдары 5 млн-ға дейін жететін сериалдар бар, алайда таза қазақша емес, орыс тілі аралас. Қазақ тілін насихаттауды мақсат тұтпайтыны анық, онымен қоймай, дөрекі, варвар сөздердің тым ашық түрде қолданады. Диалектіге саламыз жеп сөздерді жалғаусыз қысқартып қолданады. Бұл ауызша тілге ғана емес жазбаша тілімізге де өз зиянын тигізіп жатыр. «Пайданды тигізбесең, зияныңды тигізбе» деген, осындай контенттерді сүзгіден өткізуді қолға алу керек секілді.

Дегенмен, осындай кедергілерге қарамай қазақ тілін үйренемін деушілердің саны күннен-күнге артуда. Youtube желісінде қазақ тілін үйретуге арналған қандай каналдар, бағдарламалар, видео-роликтер бар деп қарай бастағанымызда небәрі бес алты каналды ғана кездестірдік. Қазақ тілін үйретуде түрлі-түсті суреттері басым презентацияларға басымдық беріп, балаларда қазақ тілін дамытуды мақсат еткен Zerek bala Tv каналы. Келесі боп көзге түскені, Руханият орталығының грамматикаға негізделген "Қазақша үйренейік" видео-сабақтары. Одан әрі, Qazaq tili IPT каналының 23 сабағы, Otandastar каналының қазақ тілін ағылшынша үйрену 10 сабақ, қазақ тілін түрікше үйрену 10 сабақ, грамматиканы оқытуға арнаған 33 сабақтан тұратын видео-роликтер әзірленген.

Тілді үйретуде әлемдік стандарттың төрт элемент бар — тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым. Алайда қазақ тілін үйретуде бұл төрт элементті ұтымды пайдаланған каналдарды таба алмадым. Негізінен көпшілігі грамматиканы үйрету арқылы тіл үйренуге жол ашқысы келеді. Алайда сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұратын, түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тіл саналған қазақ тілін үйрену үшін бұл ұтымды тәсіл деп ойламаймын.

Екінші біреулері сөздік қорды көбейту үшін «сөздік жаттау» тәсілін қолданған. Көбінесе, орысша – қазақша, түрікше – қазақша ағылшынша – қазақша аударылған сөздер. Сөздер қатары А1 немесе А2 деңгейіндегі қарапайым күнделікті өмірде қолданылатын сөздер: күн, ай атаулары, жеміс-жидек, тағам атаулары т.б. Бастапқы деңгейді меңгеруде «тақырыптарға» бөлінген сөздерді жаттаудың көп көмегі бар. Алайда осы тәсілдің өзін қолданған каналдар бір-екеу-ақ. Онда да, сабақ саны 10-нан аспайды.

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті қазақстандық филиалының профессоры Несібелі Құрман ХХІ ғасырда қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелерін ортаға салған баяндамасында: «Ағылшын тілі – ғажап тіл емес, оны үйретудің жеңіл жолы әбден екшелген, әдістемесі жан-жақты зерттелген тіл. Әйтпесе, ол ХІ ғасырда ғана пайда болған, ал қазақ тілі VII-VIII ғасырлардағы Орхон, Енисейден табылған Күлтегін жазуларында кездеседі. Ағылшын тілінің күшейген себебі, олар 48 типке арнап кітап жазған», деп түсіндіреді. Профессордың айтуынша, адамдардың таңдауы психологиялық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі. Біреу сырты қызыл, ішінде өлеңі көп болғанын қалайды, енді біреуі суреттердің аз берілгенін дұрыс көреді. «Өкінішке қарай, өзге тілді сыныптарға арналған қазақ тілі оқулығы бірыңғай, яғни бәріне бірдей. Ең болмаса, оқулық 4 психологиялық типке (холерик, флегматик, сангвиник, меланхолик) арналып әзірленсе, нәтижесі бөлек болар еді. Кеңес заманындағы альтернативті оқулық шығарудан әрі аса алмай келеміз», деді Н.Құрман[7].

Шынында, ойланып қараңызшы, қазақ тілін өзге бір ұлт өкіліне, қандай да бір шетелдікке үйрету – оған ден қойған кез келгеннің қолынан келетін-ақ іс екен. Қалай? Әрбір адам, мейлі ол ересек немесе қарт адам болсын, жаңа тілде – бала. Тіпті сәби деп те қабылдаған жөн. Бала бірінші көп тыңдауы керек. Сонан соң бір буынды, кейін екі буынды көп қолданылатын сөздердің айтылуын қайталайды. Айналадағы әр заттың атауымен танысады, сөздік қор қалыптасады. Әрі қарай екі сөздің, кейін сөз тіркестерінің басын қосады. Солай сөйлеп кетеді. Әсілі, бәрі – қарапайым. Ұлт тарихын дәріптеуде, қазақ тілін қолданушылардың қатарын

көбейтуде «Қазақ тілі» мамандары мен YouTube желісінің маңызы зор екенін тағы бір мәрте дәлелдедік. Осындай адамдардың ақпараттық қажеттілігін өтеп жүрген бірден-бір танымал платформа YouTube-тың мұхиттай шексіз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Гальскова Н.Д., Тез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: учебное пособие. М.: АCADEMIA, 2005. 336 с.
2. <https://aikyn.kz/89807/youtube-kazaksha-kontenttin-sapasy-kanday/>
3. Чернявский А.А. Использование YouTube в процессе обучения иностранному языку / Минск: Изд. центр БГУ, 2013. С. 283-285.
4. Ж.Садуова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». // Білім. Алматы, № 5, 2006 ж., (22-24).Н.Құрман
5. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы», Ана тілі. 1992 ж.
6. Kozma R.B. The Influence of Media on Learning: The Debate Continues. School Library Media Research. 22. P. 233-239.
- 7.Н. Құрман. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙБІР ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОД МӘСЕЛЕСІ

ЕРСОВЕТОВА А.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант
Астана, Қазақстан*

Қай халықтың этнографиялық мұрасын алсақ та тарихи тізбекке қилы жолмен жалғасып, сол жолдан өз шежіресін тауып жатады. Демек, тарихсыз тайпа, өткенсіз ұлт жоқ. Өткен деректердің барлығы дерлік бүгінгі этнос өкілінің ұлттық кодын немесе мазмұнды сұлбасын жасайды. Мазмұндық сұлба деп отырғанымыз – ұлттық кодты қалыптастырушы «кұрақ көрпе» секілденген «деректік мозаиканың» жиынтығы. Ұлттық кодты тексеру үшін кез келген тайпа не қауымдастықтың этногенезін қарастыра аламыз, тіпті жеке тұлғаның бойындағы сан түрлі қасиеттер де қаншама деректі анықтайды. Ұлттық код этносқа тән қасиеттерден ғана емес, оған тікелей не жанама қатысты ұғымдар арқылы да жинақталады. Солардың бірі және бірегейі жер-су атаулары. Себебі халықтың тіршілік ортасы мен ондағы ерекшеліктер де этнос өкілінің бойынан көрініс алады. Тіпті Әл-Фараби, Қашғари, Игүнеки секілді адам аттарына қосақтала берілген қала атаулары немесе уәждемесі тау аттарымен байланысты Жамбыл, Шыңғыс, Алтай т.б. кісі есімдері де соған дәлел. Алайда біздің айтпағымыз тек бұл емес, қазақ тіліндегі жер-су атауының ұлттық кодты қалыптастырудағы алар орны жайында болмақ.

В.фон Гумбольдттың “Тіл халық рухының сыртқы көрінісі сияқты: халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі – бұдан артық тепе-теңдікті елестету қиын”,- деген баршамызға белгілі пікірі осы тұста ойға оралады[1;25]. Расында, тілдік бірліктің астарында халық тіршілігі мен жанының бейнесі көмкерілген. Мағынасын толық түсінгенде ғана халық рухының бір бөлшегі болған сөз ізденушіге өзінің сырын ашатын болады.

Жер-су атаулары – мазмұнды тілдік бірлік. Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатысын және әдеп ғұрпын танып білуде де бұлардың атқаратын қызметі аса зор. Өйткені атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте кайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың биік ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі.